ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 20 қазан № 7119-23-00-2/11477 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:

«Нурислам» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Тойбек Леспекович Сейдалиев

«Кукенова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мейрамкуль Балтабаевна Кукенова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «Нурислам» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Тойбек Леспекович Сейдалиевті, «Кукенова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мейрамкуль Балтабаевна Кукенованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 20.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.11.2023, судья Искалиева А. С., 11.12.2023

7119-23-3-1/11156

қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Нурислам» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Тойбек Леспекович Сейдалиев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Кукенова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мейрамкуль Балтабаевна Кукенова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Нурислам» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Тойбек Леспекович Сейдалиевтен талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 790 (жеті жүз тоқсан) теңге тұрақсыздық айыбы және 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Кукенова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мейрамкуль Балтабаевна Кукеновадан талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 29 946 (жиырма тоғыз мың тоғыз жүз қырық алты) теңге тұрақсыздық айыбы және 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Нурислам» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Тойбек Леспекович Сейдалиевтен мемлекет пайдасына 24 (жиырма төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Кукенова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Мейрамкуль Балтабаевна Кукеновадан мемлекет пайдасына 898 (сегіз жүз тоқсан сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 20.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 30.11.2023, судья Искалиева А. С., 11.12.2023

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 20.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.11.2023, судья Искалиева А. С., 11.12.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»